

Медициналық мекемелермен облыстық ауруханаларға емделуге жіберілген ардагерлер мен мүгедектердің жол жүру төлемі жөніндегі ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының әкімдігінің 2004 жылғы 8 қыркүйектегі № 996 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Бородулиха ауданындағы Әділет басқармасында 2004 жылғы 27 қыркүйекте № 1959 тіркелді. Күші жойылды - Абай облысы Бородулиха ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 22 сәуірдегі № 122 қаулысы.

Ескерту. Күші жойылды - Абай облысы Бородулиха ауданы әкімдігінің 22.04.2024 № 122 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақ Совет Социалистік Республикасының 1991 жылғы 21 маусымдағы "Қазақстан Республикасындағы мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы" Заңына, "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және оларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар 1995 жылғы 28 сәуірдегі № 2247 Жарлығына. сондай ақ, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-II "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 14 тармақшасына, Шығыс Қазақстан облыстық әкімшілігінің 2004 жылғы 17 наурыздағы № 388 "Медициналық мекемелер республикалық ауруханаларға емдеуге бағыттаған ардагерлер мен мүгедектердің жол жүруі ережесін бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облыстық департаментінде 2004 жылдың 9 сәуірінде № 1684 тіркелген қаулысына сәйкес Бородулиха ауданының әкімшілігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Медициналық мекемелер облыстық ауруханаға емдеуге бағытталған ардагерлер мен мүгедектердің жол жүру ережесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. Еңбек, жұмыспен камту және халықты әлеуметтік қорғау Бородулиха аудандық басқармасы (Бектембаева Ф.Ф.) жоғарыда көрсетілген ережеге сәйкес 2581500332 "Бородулиха ауданының бөлек категориялы азаматтарына әлеуметтік төлем" бағдарламасы бойынша төлем жүргізілсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.К. Суйчиновқа жүктелсін.
4. Осы қаулы әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енгізілсін.

Медициналық мекемелермен облыстық ауруханаларға емделуге жіберілген, ардагерлер мен мүгедектердің жол жүру төлемінің ережелері

I. Жалпы ережелер

1. Облыстық ауруханаларға медициналық көрсеткіштер бойынша емделуге жіберілетін, аурулардың жол жүру құнының төлемі Бородулиха ауданының денсаулық сақтау бөлімі берген белгіленген үлгідегі жолдамасы болған жағдайларда жүргізіледі.

2. Бағдамарламаның әкімшісі Бордулиха ауданының еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы болып табылады.

3. Аурулардың емделуге және оларды ертіп жүрген адамдардың жол жүру төлемін қаржыландыру жергілікті бюджет қаражаттарының есебінен жүргізіледі.

2. Аурулардың емделуге және оларды ертіп жүрген адамдардың жол жүру құнының төлем тәртібі

4. Бородулиха ауданының еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы аурудың (екі жаққа) жол жүру төлемін мынадай құжаттардың негізінде жүргізеді:

- 1) өтініш;
- 2) жеке күәлігі;
- 3) Бородулиха ауданының денсаулық сақтау бөлімінің жолдамасы;
- 4) тұратын жерден анықтамалар;
- 5) жол жүру нақтылығын растайтын билеттер.

5. Заңнамада белгіленген жағдайларда ауруды (екі жаққа) ертіп жүрген адамның жол жүру төлемі жүргізіледі.

6. Медициналық көрсеткіштер бойынша емделуге жіберілетін, аурулардың және оларды ертіп жүрген адамдардың жол жүру төлемі темір жол және қалааралық автомобиль көлігіндегі жол жүру құнының мөлшерінде жүргізіледі. Ауру мен оны ертіп жүрген адам әуе көлігінде жол жүрген жағдайда төлем теміржол көлігінің купелік вагоны билетінің құнымен жүргізіледі.

7. Емделуге жол жүру нақтылығын растайтын құжаттар емделу жерден келген күннен бастап 45 күннен кешіктірілмей ұсынылу қажет.

8. Ауру мен оны ертіп жүрген адамның жол жүргенін растайтын билеттер жоғалған жағдайда теміржол немесе автовокзалдардың кассаларынан емделу жерге барып қайтуға дейінгі жол жүрудің құнын растайтын анықтама ұсынылу қажет.

9. Бородулиха ауданының еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы құжаттар ұсынылған жағдайда, ақшалай қаражаттарды аурулардың және оларды ертіп жүрген адамдардың жеке шоттарына түсіреді.

Бородулиха ауданының
еңбек, жұмыспен қамту және
халықты әлеуметтік қорғау
басқармасының бастығы:
Ф. Бектембаева